

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР
SOCIAL AND HUMAN SCIENCES AND ART
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

FTAXP 18.45.07

А.Ж. Шайзада¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

С.Қ. Абдиев²

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ («ГРИМ» МАМАНДЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)
ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация

Мақалада гримдеуге оқытудағы ерекшеліктер туралы айтылады. Студенттерге шығармашылық пәндерді оқытудың тиімділігі мен «Грим» мамандығының өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалады.

Түйін сөздер: шығармашылық пәндер, грим, театр, өнер, актер.

А.Ж. Шайзада¹

¹Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова
(Алматы, Казахстан)

С.Қ. Абдиев²

²Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ТВОРЧЕСКИХ
ДИСЦИПЛИН (НА БАЗЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ГРИМ»)

Аннотация

В статье рассматриваются особенности преподавания грима. Автор исследует эффективные методы преподавания творческих предметов студентам, особенности специальности «Грим».

Ключевые слова: творческие дисциплины, грим, театр, искусство, актер.

A.Zh. Shaizada¹

*¹Kazakh State Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)*

S.K. Abdiyev²

*²Kazakh State Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)*

PECULIARITIES OF TEACHING OF ART DISCIPLINES (ON THE EXAMPLE OF SPECIALTY «MAKE-UP»)

Annotation

The article reveals peculiarities of teaching discipline «make-up». The author searches the effective methods of teaching art disciplines, especially the speciality «make-up», the effectiveness of teaching art disciplines, and some special features of the make-up.

Key words: *art disciplines, make-up, theater, art, actor.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп аталынған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» [1]. Қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында тұрған мақсаты: оқыту үрдісін технологияландыру болып отыр [2]. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, жоғары оқу орындарында тәжірибеде қолдануда.

«Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» – деп Елбасы жолдауында айтқандай, қазіргі білім беру жүйесінің ең басты мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау [3].

Театр – әр халықтың айнасы, оның тұрмысы және әдеп-ғұрпы, сондай-ақ көркем әдебиетімен тығыз байланысты. Басты тапсырма театрда нақты сахналық шынайы бейне және сондағы сезімнің әсері. Театрдағы сахналық бейнені ашу құралы ол – грим өнері. Грим өнері, әр жағдайда түрлі сәндік косметикалық құралдармен ұзақ даму жолын өткерді. Өзінің үлгісін өзгерте отырып әбден жетілдіре түсті. Әртүрлі қайталанбас ұлттық бояуымен ғасырдан ғасырға өзгеріп отырды. Өз

уақытымен, әр мемлекет, елдімекен грим өнеріне өз үлесін қосып, түзетуін енгізді.

Грим өнері өзінің арнасын біраз кеңейтті. Егер кезінде тек театрда қолданса, ал қазір цирк өнері, эстрада саласы, музыкалық шоуларда, мюзикл, киноәлемінде де кеңінен қолданысқа ие болды. Және де қайталанбас өзіндік бағыттарымен ерекшелене түсті.

Гримнің көмегімен белгілі дәрежеде беттің кемшілігін түзетіп, әдемілеуге де болады (егер бұл рөлге керек болған жағдайда). Актердің бет пішінін толық қылып та, арық қылып та жасауға болады. Кәрі де, жас та, сау адам және ауру. Бірақ, ең маңыздысы, гримнің көмегімен басты сомдайтын бейнені көрсете білу. Әр грим – бұл тірі бейне. Адам өзінің жеке сипатын, қалыпты жағдайын, өзінің талғамын және әдетін белгілі жағдайда көрсету. Грим актердің мимикасына кедергі жасамауы керек, оның міндеті – нақты әрекетіне ерекше көңіл бөлу.

Гримді кірісіп жасамас бұрын, пьесаны немесе оқиғамен мұқият танысып шығуымыз керек. Тарихи кезеңін, қоғамдық жағдайын, уақыт және әрекет орнын. Бұл дегеніміз болашақ грим үшін керекті құжаттарды жинау. Қолыңызда көптеген қажетті құжаттар болса, сол құрылым жұмысыңызда жеңіл болады. Мұндай жағдайда өнер адамы, грим маманы өз бетімен ізденіп, сол кезеңнің әдебиетімен, суретші, мүсіншілердің жұмысымен танысуға тиісті. Және де режиссер талабын да есте сақтау керек.

Гримде дайын қағида жоқ, оның болуы да мүмкін емес. Грим дұрыс жасалуы үшін, грим маманы және актер өзінің бет келбетін жақсы білуге тиісті. Ол сахналық қойылымда грим жасалынған бейнесі шынайы болу үшін және сырт келбетіне берілген бейнені елестете, орналастыра білуіне. Тұтастай гриммен бетті өзгерту де міндетті емес. Гримді тауып жасағаннан кейін, оны шұғыл өзгертуге де болмайды. Берілген бейнеге ұқсастық беруі мүмкін, өзінің түріне жас қосу немесе керекті мінезін таба білуі. Ең маңыздысы, есте сақтауымыз керек, көрсетілген гримде кішкене болса да қате кетсе, ол көрерменге ұнамауы мүмкін.

Грим – сомдайтын рөліне байланысты бет келбетін өзгерту өнері. Орындаушы сахнаға алғаш гриммен шығуы, оған қоса тағы да бір ауыз сөзін айтып, сол сәтте көрерменге әсер қалдырса жақсы. Егер көрермен алдындағы адамның бейнесіне сенсе, оның сырт келбеті және ішкі жан-дүниесін, ол көңілімен қадағалағанын әрекеттің дамуынан түсінік береді. Қашанда сыртқы келбеті орындаушының көңілін толдырмауы мүмкін, қиналып күдіктенуі, оған қоса сахнадағы болатын жағдай, көрерменнің көңілін аудару өз ойнына, актерға айтарлықтай қиындық туғызады. Бірақ маңыздысы актер және грим маманы қосымша грим мағынасын ұмытпауы керек.

Іздеп, нақты сыртқы бейнесін есте сақтай отырып, оны орындаушы бет мимикасымен кейіпкердің тұлғасын, өмірін жеткізу керек. Бұл дегеніміз, бастысы актер және грим маманы – сахнадан тек көрсетіп қана қоймай, басты кейіпкердің бар мүмкіндігін жасап, орындаушыға шынайы ұқсастық беріп, қосымша гримге жасанды шаш өнімдерін қолдануға да тиісті. Әрине, гримді жеңілдетуге болады, бірақ грим үлгісін естен шығаруға болмайды. Көркем жасалынған грим қойылымдағы басты кейіпкердің жасын, оның рухани жан дүниесін, мамандығын, қоғамдағы орнын және ұлтын беруі керек. Өкініштісі, кейде орындаушылар гримнің мағынасын түсінбестен, дұрыс пайдалана алмайды.

Кейбір жас актер және актрисалар сахнаға шыққанда, беті мен шаш әдемілігін ғана ойлайды. Шашын жақсылап жасап, ернін бояп, қасымды соңғы үлгімен боясам болды деп ойлайды. Бұл дегеніміз тек өзінің сырт келбетіне әсер қалдыру. Олар рөлінің мән-мағынасын ұмытып, көрермен залын жаулап алу үшін ғана шығады. Ал, көрермен болса алдында кімді, қандай кейіпкерді көріп отырғанын түсінбеуі де мүмкін. Мысалы, олар қойған қойылым немесе пьеса тақырыбында қарапайым жұмысшы рөлі, ал олардың алдына сәнделген, шашы бұйраланған бозбала немесе бойжеткен шығады. Тәжірбиесіз жас орындаушының тілегі алдамшы сұлулықпен сәнденуге әкеледі. Бұл арада жеткілікті күнге күйген түсті тауып, бетіне жақса болды және бет келбетін лайықтап түзетсе болғаны. Сонда берілген кейіпкердің бейнесі ашылады.

Тағы да орындаушылар талабы – комедиялық әсер қалдыру. Олар жеңістің құпиясы көңілді грим деп ойлайды. Бұл жағдайда орындаушы да, грим маманы да қателеспеуге тиіс. Сақал, мұрт жабыстырып, мұрын пішінін үлкейтіп, оны қызылға бояп, жасанды шаш киіп шықса, бұның бәрін шектен шығушылық дейді. Нәтижесінде осындай гриммен сахнаға шыққанда, әсіресе классикалық туындыда бұл сайқымазаққа айналады. Бұл қойылымның дәрежесін түсіреді, көрерменнің қызығушылығын жоғалту деп атайды. Сахнада сайқымазақ болмау үшін, әр уақытта ойланып, берілген бейненің мағынасымен грим түрінің сай келуін қадағалауға тиістіміз. Айтылғандай актер және грим маманы үшін де, үлкен мағынасы бар өмірдегі тіршілікті бақылау және ұлы суретші, мүсіншілердің жұмыстарымен танысу. Талғамы жоғары және өмірлік әсері бай болса, табылған грим қызықтырақ және әсерлі болады.

Гримнің басты ережесі «беттегі грим аз болса, соған қарай жақсырақ». Ең тиімдісі ұсақ бөлшектерден және сызықтардан қашу керек. Мүмкіндік болса жасанды шашты пайдаланбаса, жабыстырып желімдейтін заттарға мүмкіндігінше жүгінбесе. Егер рөлдегі

бейнесіне, қойылым бағыты немесе заман талабына және сәндік үрдісіне, бағытына керек болса ғана пайдаланған жөн. Грим әр кезде шынайы болу керек. Оны жұмсақтап, таза, жұқа білінбейтіндей қылып жасау керек.

Сондай-ақ гримде шашқа үлкен мән береді. Ол екіге бөлінеді, жасанды шаштар немесе өзінің табиғи шашы болып. Жұмыс сапалы шығу үшін, сахналық кейіпкердің гримін сендіре орындауға жақсы талғам және ой-қиял, ауқымды ортақ ой-сана керек. Грим маманы шаштараз өнерінде шебер игере білуі тиіс.

Гриммен жұмыс барысында, заманын ескеру, қойылымның көркемдік безендіруін, режиссердің шешімін білуге тиіспіз. Өйткені грим тығыз байланыста, барлық қойылым тұжырымдамасымен және оған түгелдей тәуелді. Сахналық бейнені жасауда грим және киім бір тұтастықты құрайды. Олар үйлесімді және бір-бірін толықтыруға тиісті (грим – бет әлбетін өзгертеді, киім – дене пішінін). Қойылымда ең маңыздысы барлық әртүрлі түстің бір ортақ үйлесімі – сахна көркі, киім, грим, жарық. Сондықтан бөлмедегі жасалынған гримді тексеріп, сахнаны құрып және жарықты қойғанда қарап шығады. Дұрыс жасалған грим орындаушыға көмектеседі. Көркемдік сахналық бейненің керекті бояуын табуға, өте салмақты және ұзақ еңбекті талап етеді.

Ендігі кезек грим сөзінің шығу тарихы және де қазіргі жаңа бағыттары. Бұл сөздерді орнымен пайдаланып жүрміз бе, кейде ана тілімізге аударамыз деп, мән-мағынасына қарамастан, дұрыс пайдаланып жатырмыз ба?

«Грим» сөзі көрші Ресей жеріне Еуропа елінен келген. Кезінде Кеңес үкіметі де гримді орыс тіліне аудармай, осылай қалғанын жөн көрген. Мен де «грим» сөзі аудармасыз қалуын өтінемін. Бізде кей жерлерде гримді – әрлеу деп аударып жүр. Гримді әрлеу деп қарау дұрыс емес! Бұл грим өнерін шектеу болып саналады. Әр адам баласы өз бет әлпетін әрлей алады. Бірақ, ол сахналық бейнені, тарихи тұлғаны, ертегі кейіпкерін және басқа да керекті мағыналы бейнелерді жасай алмайды. Сондықтан әрлеу тұрмыстық болып, грим – өнер туындысы болып қаралуға тиісті. Грим жасай білу үшін суретші, мүсінші, постиж шебері және шаштараз маманы бола білуге тиісті.

Постиж шебері – ол шаштан өнімдер дайындайтын адам. «Постиж» француз сөзі, шаш өнімдері дегенді білдіреді. Оған жасанды шаштар (парик, шеньон, локон), сақал, мұрт, қас, кірпік, бұрым және тағы басқалары жатады. Грим маманы болу үшін қосымша бас, бет сүйегін, бұлшық еттердің орналасу құрылысын, бет терісін, сондай-ақ жеке бастың тазалығын қадағалай отырып, орындаушыдан сахнаға керекті бейнені жасай алуға тиісті. Және де алдына берілген

тапсырманы (бейнені) көре білу аса қажет.

«Грим» - француз сөзі. Екі мағынада қолданады. Біріншіден грим – арнайы бояулар көмегімен орындаушының сырт келбетін өзгертетін өнер. Екіншіден грим – бұл грим бояуларымен қосымша құрал-жабдықтар. Және қарапайым халық арасында грим – «көңілді шал» деген мағынаға ие.

Көне италян сөзінде грим – әжімді. Ағылшын тілінде грим тікелей аударғанда – терең сіңген кір немесе көмір. Екіншіден – өзін былғау, жағу. Ал қазіргі қолданыстағы «make up» - сөзін аударсақ біріншіден құрамы, екіншіден «groom» сөзін қосса орындаушының грим бөлмесі болып шыға келеді. Сондықтан жаңа заман талабына қарай «make up» сөзін – макияж деп орыс елі өздеріне аударып алды. Ал, бізге нақты осы «макияж» сөзін «әрлеу» деп аударуға өте лайықты, ал визажист сөзі – әрлеуші деп. Әрлеу (макияж) – бұл тұрмыстық грим. «Косметика» - грек сөзінен алынғанда – сәндеймін және өзін сәндеу өнері. Антикалық әлемде косметиг сөзінің астарын «сұлулық» деп түсінеді. Бұл кірме сөздер қатарына қосуға тура келеді. Өйткені нақты аудармасы жоқ және де мағынасын жоғалтады. Косметиканы да екі жақты қарауға болады. 1) оқу құралдарымен және адам сырт келбетін жақсарту әдісі, 2) бет және дене терісін, шаш, тіс, тырнақ күтіммен қосымша заттары. Қазіргі заманда косметолог мамандары да көбейіп келеді. Осыған қатысты косметолог маманы болуы үшін, медициналық білімі болуы керек. Кез-келген косметолог маманына өз бет теріңізді сеніп тапсыруға болмайды. Оның жұмыс орнын, осы саладағы жұмыстарымен жетістіктерін ескеру керек. Косметикалық құралдармен бояу түрлерімен бетті сергітіп, оған өң беруге болады. Әрленуге, бетті сәндеуге, күтуге, жасануға да болады. Бетті әрлеуде міндетті түрде ескеру керек: уақытты, ауа-райын, кездесу орнын және адам өз жасын. Жағылған бояу бетте өте көп болса, бұл бетті өрескел жасайды. Әрлеуге де байланысты, жеке талғам, тәрбие, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы тұтастай үйлесім табуға тиіс.

Гримде де, әрлеуде де адамның жеке басының тазалығын талап етеді. Бояу қолданбас бұрын бет терісі таза болуға тиісті. Әрбір адам өзінің бет терісі қандай екенін, құрғақ, майлы, бір қалыпты, немесе аралас па екенін білуі керек. Соған қарай бет кремін, жуынатын сабыны, бәрін таңдай білуі тиісті. Әр уақытта бетті тек салқын сумен жуу керек. Жағатын, боянатын заттары бетке кері әсер етпеуі керек. Денсаулық, ауа-райы, ұйқы, тамақтану үрдісі, спорт және өзімізді қалай күтеміз осының бәрі біздің бетімізде.

Бояу қолданар алдында қандай жерге барамыз, ол жерде қандай жарық болады, осыны ескеруіміз керек. Егер жарық қанық және көп болатын болса, беттегі бояу азырақ болуға тиісті. Керісінше,

жарық аздау болса беттегі бояу қанық шығуға тиісті. Және де көзбен қасты қанық, қатты ашық қылып бояғанда, ерін солғындау болуға тиісті. Керісінше, ерін қанық болғанда, қас-көз бояуы аз болуға тиісті. Косметикалық құрал заттарды, түрлі грим, әрлеу бояуларын, арнайы жүзеге асыруға дәрігерлер, фармацевт мамандары, арнайы медицина қызметкерлерімен де, өнер қызметкерлері де өз үлесін қосады.

Заман талабына қарай косметикалық бояуларды, құрал жабдықтарды, тағы да қосымша заттарды театр, кино, цирк, эстрада, телевидения саласында кеңінен пайдалануға болады. Ең бастысы барлық жағдайда да, киім де, әшекейлер де, иіс су да, беттегі бояу да шектен шықпау. Өзіміздің табиғи бейнемізді ұмытуға болмайды. Көбінесе сәндік бағыттағы толқын жаулап алады. Бірақ, өз келбетіңнің ерекшелігін көрсетіп, соны бояумен, сәнмен үйлесімді ете білу. Адамның әрбір жасы өз ерекшелігімен қалыптасады.

Грим өнері елімізде енді ғана көтеріліп келеді. Өлі де гримді косметика саласынан, әрлеу саласынан ажырата алмай жатырмыз. Грим мамандары да жұмыс орнына қарай өз саласына бөлінеді. Өйткені драма театрдағы грим, опера-балет гримі, цирк, кино, эстрада саласындағы гримнің бір-бірімен салыстыруға келмейді. Бояу құралдары мен заттары бірдей болғанымен, бояуларда саласына қарай бөлінеді. Әрқайсысының өзіндік жолы бар. Грим өтетін жеріне, берілетін жарыққа тікелей байланысты. Тағы да ескеретін жайт, өнер саласында жүрген азаматтарымыз грим не үшін, грим жасауға қанша уақыт кететінін білуге тиісті. Өкініштісі, гримді ысырып ең соңына қалдырып қоямыз. Ал, бірден көзге түсетін кейіпкердің бет-бейнесі...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2002.
2. Тұрғанбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайына дамыту: Теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. – 174 б.
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2008. – 30-32 бб.

References:

1. «Qazaqstan – 2050» strategijasy qalyptasqan memlekettin zhana sajası bagyty» Elbasy N.A.Nazarbaevtyñ Qazaqstan halkyna Zholdauy. – Astana, 2012 (In Kazakh.).
2. Turqanbaeva B.A. *Mugalimnin shygarmashylyq aleuetin biliktilikti arttyru zhagdajyna damytu*: Teorija zhane tazhiribe. – Almaty, 2005. – 174 b. (In Kazakh.).
3. Qudajbergenova K. *Quzyrlylyq – tulga damuynyn sapalyq kriteriji*. «Bilim sapasyn bagalaudyn maseleleri adisnamalyq negizi zhane praktikalıyq natizhesi» atty halyqaralyq qylymi praktikalıyq konferencija materialdary. – Almaty, 2008. – 30-32 bb. (In Kazakh.).